

## "Текелі қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 158 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 23 шілдеде № 3304 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 22 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 27.01.2017 № 22 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Мемлекеттік мұлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, Текелі қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Текелі қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Текелі қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Мырзахметова Файзагул Сванқызына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және қала әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Рақымбеков Рауан Тұрданғазыұлына жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Текелі қаласының әкімі*

*T. Қайнарбеков*

Текелі қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 158 қаулысымен бекітілген қосымша

**"Текелі қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже**

## **1. Жалпы ережелер**

1. "Текелі қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) Текелі қаласының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экономика және бюджеттік жоспарлау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Бөлім ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Бөлімге егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 041700, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Текелі қаласы, Абылай хан көшесі, № 34.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Текелі қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер экелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындағы қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Бөлімнің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. Бөлімнің миссиясы: Текелі қаласы аумағында стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласында мемлекеттік басқарудың функцияларын іске асыру.

14. Міндеттері:

- 1) қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттары мен басымдықтарын, негізгі бағыттарын қалыптастыру;
- 2) әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарымен өзара қарым-қатынаста бюджеттік және инвестициялық саясатты іске асыру;
- 3) өнірлік даму саласындағы саясатты іске асыру.

15. Функциялары:

- 1) қала аумағын дамыту бағдарламасын және оны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу, түзету және мониторинг жүргізу;
- 2) Текелі қаласының әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу;
- 3) Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік, салалық бағдарламаларды және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің басқа да құжаттарын іске асыру, мониторинг жүргізу;
- 4) өнірдің әлеуметтік-экономикалық даму серпіні мен деңгейіне талдау жүргізу;
- 5) жергілікті бюджет түсімдерінің көлемін болжау;
- 6) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін және бюджеттік бағдарламаларының жобалары бойынша қорытындылар қалыптастыру және қарастыру;
- 7) өнірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамды көрсеткіштері, бюджет қаражаттарын жұмсаудың басым бағыттары, бюджеттің жоспарлы кезеңге арналған тапшылығы көлемі негізінде жаңа бастамаларға арналған бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығындары лимиттерін, жергілікті бюджет лимиттерін айқындау;
- 8) Текелі қаласының бюджеттік инвестициялық жобаларын, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларын қарастыру және таңдау;
- 9) қолданыстағы заннамаға сәйкес, ауылдық жерлерге тұру және жұмыс істеу үшін келген мамандарға, әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну жұмыстарын ұйымдастыру;
- 10) қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштеріне мониторинг және талдау жүргізу;
- 11) қала әкіміне, жетекшілік ететін қала әкімінің орынбасарына, қала әкімдігінің жиналыстарына, отырыстарына өнірдің әлеуметтік-экономикалық

даму қорытындылары туралы материалдар дайындау және ұсыну;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан өз қызметіне қажетті ақпаратты сұрату және алу;

2) жедел басқару құқығындағы мүліктерді пайдалануды жүзеге асыру;

3) Бөлімнің құзыретіне жататын қала әкімінің, әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындау;

4) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы және сапалы қарau;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде басқа да құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

### **3. Бөлімнің қызметін ұйымдастыру**

17. Бөлімге басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. Бөлімнің бірінші басшысын Текелі қаласының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

19. Бөлімнің бірінші басшысының орынбасарлары жоқ.

20. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Бөлім қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін өз құзыреті шегінде айқындауды;

2) Бөлім қызметкерлерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметке тағайындауды және босатады;

3) Бөлім қызметкерлерін заңнамада белгіленген тәртіппен ынталандырады және тәртіптік жазалар қолданады;

4) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

5) мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда өз құзыреті шегінде Бөлімнің мүддесін білдіреді;

6) Бөлімде сыйайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етеді, сол үшін жеке жауапкершілік алуды белгілейді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

### **4. Бөлімнің мүлкі**

21. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлім, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Бөлімді қайта құру және тарату**

24. Бөлімді қайта ұйымдастыру мен тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.